

«8D08401-Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау» білім беру бағдарламасы бойынша докторант Ибраева Гульмира Сайфуллаевнаның «Қаратау жотасының оңтүстік-батыс еңісіндегі өзендердің ихтиофаунасының қазіргі жағдайын бағалау» тақырыбы бойынша жасалған жұмысы туралы отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Ибраева Гульмира Сайфуллаевна 2022 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Биоалуантүрлілік және биоресурс кафедрасына докторантураға түсті. 2022 жылы белсенді түрде ғылыми жұмысын бастады. Диссертация тақырыбын таңдау, жұмыстың мақсаты және оның міндеттері докторанттың белсенді қатысуымен анықталды.

Таңдалған зерттеу тақырыбының өзектілігі жоғары және Арал теңізі бассейніндегі ең үлкен экологиялық дағдарыстың салдарымен айқындалады. Балықтардың фаунасын түгендеу және олардың осы аймақтағы популяцияларының жағдайын бағалау қажеттілігі күмән тудырмайды.

2022-2024 жылдары Гульмира Сайфуллаевна экспедициялық жасақ құрамымен бірге зерттелетін аймақта 7 экспедициялар өткізді. Нәтижесінде су объектілерінің жағдайы және олардың балықтар популяциясы жайлы көптеген нақты мәліметтер жинақтады. Г.С. Ибраева табиғи суларды физика-химиялық талдау, балық аулау, оларды биологиялық және морфологиялық әдістерімен зерттеп, талдау әдістемелерін меңгерді. Сырдария бассейніне кіретін Қаратау жотасының оңтүстік-батыс еңісіндегі өзендерінен жинақталған көптеген материалдар ұсақ балықтардан тұрды, олардың балық аулауда кәсіптік маңызы жоқ және олар Қазақстанда аз зерттелген.

Докторант жинақталған балықтарды талдау бойынша үлкен және қажырлы жұмыс жүргізді, сонымен қатар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биология және биотехнология факультетінің биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының Зоология зертханасының қорларында сақталған үлгілердің үлкен көлемін зерттеді. Ретроспективті талдау балықтар қауымдастығының құрылымындағы өзгерістерді ұзақ мерзімді тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік берді.

Гульмира Сайфуллаевна алынған деректерді өңдеуде үлкен дербестік, бастамашылық және шығармашылық көзқарас танытты. Балық популяциясының жағдайын бағалау үшін оған дәстүрлі биологиялық талдау ғана емес, сонымен қатар билатералды белгілердің ауытқу асимметриясын және морфопатологиялық талдауды қолданды. Балықтар қауымдастығының алуантүрлілігін бағалау үшін докторант әртүрлі интегралды көрсеткіштерді қолданды. Алынған деректерді статистикалық өңдеу үшін Г.С. Ибраева унивариантты статистика және көпөлшемді талдау әдістерін пайдаланды. автордың үлкен дербестігі докторанттың жеке дайындалған жарияланымдарында көрініс табады.

Зерттелген мәліметтердің үлкен көлемі, оларды мұқият талдау және заманауи статистикалық өңдеу - нәтижелердің жоғары сенімділігін көрсетеді. Алынған деректерді талқылау халықаралық тәжірибені ескере отырып

жүргізді. Диссертацияның мәтіні жеткілікті ғылыми тілде және логикалық тұрғыдан дәйекті түрде баяндалған. Орындалған жұмыста теориялық және практикалық маңызы бар ғылыми жаңа нәтижелер бар.

Менің ойымша, Ибраева Гульмира Сайфуллаевна барлық дайындық бағдарламасын сәтті орындады, «8D08401-Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін лайықты.

Ғылыми кеңесші,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
биоалуантүрлілік және биоресурстар
кафедрасының қауымдастырылған
профессор б.ғ.к.



Мамилов Н.Ш.